

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 04 наурыз 2024 жыл

"ҚазТрансОйл" АҚ күн панельдері бар 11 энергия қондырғысын орнатты

"ҚазТрансОйл" АҚ күн энергиясын пайдаланатын 11 дербес гибриді электр генераторлық қондырғыларын іске қосты. Аталмыш шара «Павлодар-Шымкент» мұнай құбырының әуе электр желілерін қайта жаңғырту жобасы аясында іске асырылды.

Дербес гибриді электр генераторлық қондырғылар "Павлодар – Шымкент" магистральдық мұнай құбырының 11 объектісінде (6 желілік торап және 5 катодты қорғау станциясы) 1499,9 - 1572,1 км орналастырылған. Бұл учаскенің ұзындығы 72,2 км. Дербес гибриді электр генераторлық қондырғылардың электр энергиясын өндіру мөлшері жылына - 254 мың кВт*сағ. құрайды.

Пайдаланылатын энергия ресурстарын оңтайландыру «ҚазТрансОйл» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, оның аясында компания өндірістік процестердің энергия тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөледі. «ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасын ұстанады және осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желісіне иелік етеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**